

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
БОСТАНДЫҚ АУДАНЫНЫҢ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ  
ЗАҢДЫ ТҮЛГА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН

2014 ж. «16» 10 еткізілді  
№ 8264 1910-01-АК/Ж

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
УПРАВЛЕНИЯ ЮСТИЦИИ БОСТАНДЫКСКОГО РАЙОНА  
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ  
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА

«16» 10 2014  
свидетельство № 8264 1910-01-80/Ж  
БСН/БИН 010440005299

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
БОСТАНДЫҚ АУДАНЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
КҮРҮЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗЕРГЕТУЛЕР МЕН  
ТОЛЫКТЫРУУР ЕҢІЗІЛІМ

2015 № 8916 байрығы

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
УПРАВЛЕНИЯ ЮСТИЦИИ БОСТАНДЫКСКОГО РАЙОНА  
ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ В  
УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ

ПРИКАЗ № 8916 2015 г.

«КоЖан» АҚ  
Жалғыз акционерінің Директорлар кеңенің  
12.08.2015 ж. № 8 хаттамасымен  
«БЕКІТІЛГЕН»



## «КоЖан» Акционерлік қоғамының ЖАРҒЫСЫ

«УТВЕРЖДЕН»  
Протоколом Совета директоров единственного  
Акционера АО «КоЖан» № 8 от 12.08.2015г.

## УСТАВ Акционерного общества «КоЖан»

Алматы қаласы

СМОТРИТЕ  
НА ОБОРОТЕ

СМОТРИ  
НА ОБОРОТЕ

**«КоЖан»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
ЖАРҒЫСЫ**

**КІРІСПЕ**

Осы Жарғы Конституцияға, Азаматтық Кодекске, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-II «Акционерлік қоғамдар туралы» Занына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жасалды.

Осы Жарғы «Кожан» Акционерлік Қоғамының (бұдан әрі Қоғам) заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін белгілейтін құрылтай құжаты болып саналады.

**1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

- 1.1. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес құрылды.
- 1.2. Қоғамның қызмет мерзімі шектеусіз.
- 1.3. Қоғамның толық атауы:
  - 1) мемлекеттік тілде: «**КоЖан**» акционерлік қоғамы;
  - 2) орыс тілінде: **Акционерное общество «КоЖан»**.
  - 3) ағылшын тілінде : **«KoZhanN» Joint –Stock Company**
- 1.4. Қоғамның қысқартылған атауы:
  - 1) мемлекеттік тілде: **«КоЖан» АҚ**;
  - 2) орыс тілінде: **АО «КоЖан»** .
  - 3) ағылшын тілінде : **«KoZhanN» Joint –Stock Company**
- 1.5. Қоғамның атқарушы органдының мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Пирогов көш.31, 6 қабат.
- 1.6. «КоЖан» Акционерлік Қоғамы табыстау актісіне сәйкес берілген мүліктері, міндеттері және құқықтары бөлігінде «КоЖан» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі құқықтық мұрагері бол табылады.

**2. ҚОҒАМНЫҢ ЗАНДЫҚ МӘРТЕБЕСІ**

2.1. Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес теңгерімі , банктік шоттары болады, ол өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алады және жүзеге асыра алады, міндеттер атқарады, сотта талапкер, жауапкер не үшінші тараф бола алады.

2.2. Қоғамның қазақ және орыс тілдерінде өз атауы жазылған мөрі, мөртабаны және бланкілері, өз тауарлық белгісі мен рәміздері және қызметтеп айналысұына қажетті басқа да деректемелері бар.

2.3. Қоғам өз қызметімен айналысу кезінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын, сондай-ақ осы Жарғыны, Акционерлердің жалпы жиналышының, Директорлар кеңесінің, Қоғамның бас Директорының Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіpte қабылданған шешімдерін басшылыққа алады.

2.4. Қоғам акционерлері Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіpte Қоғам акцияларын сатып алтын шетелдік және қазақстандық заңды және жеке тұлғалар бола алады.

2.5. Қоғам өзінің акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие және өз міндеттемелері бойынша өзінің мүліктері шегінде жауап береді.

Қоғам өз акционерлері міндеттемелері үшін жауап бермейді, ал Қоғамның акционерлері Қоғамның міндеттемелері үшін жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заң актілерінде

көзделген жағдайларды қослағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде қоғам қызметімен байланысты залалдарға тәуекел етеді.

Қоғам өз қызметінің мақсаттарына сәйкес өз мүлкіне иелік етуді, пайдалануды және өкімдік етуді жүзеге асырады.

Қоғам мемлекеттің міндеттемелері үшін жауап бермейді, сол сияқты мемлекет те оның міндеттемелері үшін жауап бермейді, Қоғам немесе мемлекет өз мойнына әлгіндей жауапкершілік алған сәттерден басқа жағдайда.

2.6. Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте занды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

2.7. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіп бойынша Қоғам өз мекен-жайынан тыс орналасқан, занды тұлға болып саналмайтын және олар жөніндегі ережелер негізінде Қоғам атынан және оның тапсыруымен әрекет ететін филиалдарын (өкілдіктерін) құруға құқылы.

### **3. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТИНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МӘНІ**

3.1. Қоғам қызметінің негізгі мақсаты акционерлердің мұддесі, сондай-ақ Қоғамның өз өндірісін өркендешту мұддесі жолында табыс табу болып саналады.

3.2. Аталған мақсатқа жету жолында Қоғам мынадай негізгі қызмет түрлерімен айналысады:

- Мұнай операциялары (ұнғымаларды бұрғылау, мұнай-газ конденсатты кен орындарын өндіу, ұнғымаларды курделі жөндеу, мұнай өнімдерін өткізу, мұнайды тасымалдау, мұнай-газ жабдықтарын жөндеу);
- Мұнай-газ кен орындарын іздестіру және барлау;
- Көтерме және бөлшек сауда
- Инвестициялық
- өнеркәсіптік жарылыс өрт қаупі бар және тау-кен өндірістерін, гидротехникалық ғимараттарды, сонымен қатар қысымды жұмыс істейтін құбыр желілерін және қазандарды, жобалау, салу және пайдалану;
- жолаушылар мен жүктөрді теміржол, өзен, көл, әуе көліктерімен тасымалдау; халықаралық жолаушылар мен жүктөрді автомобиль көлігімен тасымалдауы; барлық көлік түрлерімен қауіпті жүктөрді тасымалдау, авиациялық жұмыстар;
- минералды шикізатты қайта өндіу;
- жобалау-зерттеу, саралтау, құрылыс-құрастыру жұмыстары, құрылыс материалдарының, бүйімдары мен құрастырмаларының өндірісі жөніндегі жұмыстар;
- этил спирті мен алкогольді өнімдердің өндірісі, этил спиртін сақтау және жүзеге асыру, сонымен қатар алкоголь өнімдерін көтерме және бөлшек түрде өткізу;
- тұрлі-тұсті және қара металл сыйықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өндіу және өткізу;
- маркетинг, инжинириング, менеджмент, консалтинг;
- халық тұтынысы тауарларын, өндірістік техникага арналған өнімдерді, тауар биржаларындағы құрылыс материалдары мен жабдықтарын, сонымен қатар мемлекеттік және сауда желілері арқылы өндіру және өткізу;
- сатып алу-сату операциялары мен делдалдық қызмет құқығымен ауыл шаруашылық өнімдері мен оның қалдықтарын дайындау, өндіру және қайта өндіу;
- жалпы коммерциялық қызмет;
- өндірістік-техникалық, техникалық-сауда қызметін көрсету;
- өнеркәсіптік және азаматтық ғимараттардың құрылысы және оларды жөндеу;
- құрылыс материалдарының өндірісі;
- шаруашылық етуші субъектілердің активтерін басқару;
- экспорт-импорт операциялары;
- делдалдық қызметтер;
- жеке тұлғаларға, үйімдарға көлік қызметін көрсету (әуе, теміржол, теніз, құрғак жер көліктерімен тасымалдау);

- барларды, мейманханаларды, кафелерді, жазғы аландарды және т.б. ашу;
- өндірістік қызмет;
- жарнама-ақпарат қызметі;
- екінші қайтара өндөлген шикізат пен өнеркәсіп қалдықтарын дайындау, қайта өндеу;
- өнеркәсіпке арналған тауарлардың өндірісі;
- сыртқы сауда-саттық операциялары;
- Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес сыртқы экономикалық қызмет;
- ақпараттық, кенес беру, сервистік, полиграфиялық және өкілдік қызметтер;
- келісім бойынша және түрлі үйымдардың, кәсіпорындардың және мекемелердің тапсырмасы бойынша түрлі жұмыстар мен қызметтерді орындау;
- халық пен үйымдарға тұрмыстық қызмет көрсету;
- туристік қызмет;
- жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар, жылжымайтын мүлік жөніндегі маклерлік қызметтер;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамамен тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлері.

3.3. Тізбесі заңнамалық актілермен белгіленетін, міндетті түрде лицензия және/немесе сертификат алынуы тиіс жекелеген қызмет түрлерімен Қоғам тиісті рұқсат, лицензия және/немесе сертификат негізінде ғана айналыса алады.

#### **4. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ**

##### **4.1. Қоғам акционері құқылы:**

- осы Жарғыда және қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіpte Қоғамды басқаруга қатысуға;
- дивидендтер алуға;
- Қоғам қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысында немесе осы Жарғыда айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
- Қоғамның тіркеушісінен немесе номинальды ұстаушыдан оның күнды қағаздарға мешік құқығын растайтын көшірмелер алуға;
- Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның директорлар кеңесіне сайлауға үміткер ұсынуга;
- Қоғам органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дауласуға;
- Қоғамға оның қызметі жөнінде жазбаша сұрау салуға және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
- Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
- Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын акцияларын немесе Қоғамның басқа да күнды қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқылы;
- акционерлердің жалпы жиналысының заңнамада көзделген тәртіппен қоғам акцияларының санын өзгерту туралы немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға құқылы.

4.2. Қоғамның дауысқа ие акцияларының он және одан да көп пайзына ие акционер – ірі акционер, сондай-ақ құқылы:

- Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;
- Директорлар кеңесіне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуі ұсынуга;
- Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
- өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.

4.3. Акционерлер – басымдылықты акциялардың иелері қарапайым акцияларды иеленетін акционерлердің алдында осы Жарғыда белгіленген мөлшерде кепілдік берілген белгілі бір мөлшерде дивиденд алуда және акционерлік қоғамдар туралы заңдарда белгіленген тәртіпте қоғам таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігін алуда басым құқыққа ие болады.

Артықшылықты акция акционерге акционерлік қоғамдар туралы заңдарында белгіленген жағдайлардан басқа кезде қоғамды басқаруға қатысуга құқығын бермейді.

Қоғамның басымдылықты акцияларын иеленуші акционердің қоғамның басымдылықты акцияларын басымдықпен сатып алу құқығы бар

4.4. Акционерлер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және осы Жарғыда көзделген басқа да құқықтарға ие бола алады.

4.5. Қоғамның акционері мынаған міндетті:

- Қоғамның құрылтай құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте акцияларды төлеуге;
- он күн ішінде айтылмыш осы акционерге тиесілі акцияларды қоғамның тіркеушісіне және нақтылы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгергісі туралы он күн ішінде хабарлауға;
- Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қоргалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға.

4.6. Қоғам акционері өзіне тиесілі акцияларды қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіпте басқа акционерлердің келісімінсіз басқаға беруге құқылы.

## 5. ҚОҒАМНЫҢ МУЛКІ МЕН ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ

5.1. Қоғамның мүлік құны Қоғамның дербес тенгерімінде көрініс табатын негізгі қорлар мен айналымдағы қаражатты, сондай-ақ өзге де мүлікті құрайды.

Мүлік Қоғамга жеке меншік құқығымен тиесілі.

Қоғамның мүлкі мыналардың есебінен құрылады:

- акционерлермен Қоғам акцияларының төлеміне берілген мүлік;
- Қоғамның қызметі нәтижесінде түскен табыстан, сондай-ақ заңнамада жол берілген өзге де негіздер бойынша сатып алынған басқа да мүліктен;
- өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде Қоғаммен өндірілген өнімнен;
- Қазақстан Республикасы заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер.

5.2. Қоғамның жарғылық капиталы құрылтайшылардың (жалғыз құрылтайшының) акцияларды олардың нақтылы құны бойынша және инвесторлардың акционерлік қоғамдар туралы заңдарында белгіленген талаптарға сәйкес айқындалатын орналастыру бағалары бойынша төлеуі арқылы қалыптастырылады және ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен көрсетіледі.

5.3. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайлардан басқа кезде Қоғамның тарататын акцияларының төлемі орнына ақша, мүліктік құқық және өзге де мүлік енгізіледі. Ақшадан басқа мүлікпен төлеу Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет етуші Қоғамның бағалаушысымен белгілеген баға бойынша жүзеге асырылады.

5.4. Жай акция акционерге Акционерлердің жалпы жиналысына дауысқа шығарылған бүкіл мәселені шешу кезінде дауыс беру құқымен қатысу құқығын, Қоғамда таза табыс болған жағдайда дивиденд алу құқығын, Қоғам Қазақстан Республикасы таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын, сондай-ақ жай акцияларды немесе Қоғамның жай акцияларына айыrbасталатын басқа да құнды қағаздарын артықшылықпен сатып алу құқығын береді.

5.5. Акционерлер –басымдылықты акциялардың иелері қарапайым акцияларды иеленетін акционерлердің алдында осы Жарғыда белгіленген мөлшерде кепілдік берілген белгілі бір мөлшерде дивиденд алуда және акционерлік қоғамдар туралы заңдарда белгіленген тәртіпте қоғам таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігін алуда басым құқыққа ие болады.

Қоғамның басымдылықты акцияларының саны оның жарияланған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайзызынан аспауға тиіс.

5.6. Қоғам өз акцияларын құжатсыз пішінде шығарады. Қоғам акцияларын ұстаушылардың реестрін жасақтау, жүргізу және сақтау ісін бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу бойынша қызметпен айналысу құқығын беретін, уәкілдегі орган тарарапынан табысталған тиісті лицензияға ие тіркеуші жүзеге асырады.

## 6. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

### 6.1. Қоғамның органдары мыналар:

6.1.1. Жоғары орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;

6.1.2. Басқару органы – Директорлар кеңесі;

6.1.3. Атқару органы – дара – Қоғамның бас директоры.

6.2. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның жоғары органы болып саналады, оның айрықша құзыретіне мынадай мәселелер кіреді:

1) қоғамның жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа нұсқада бекіту;

2) бірлескен басқару кодексін бекіту, сонымен қатар оның ішіне өзгертулер мен толықтыруларды;

3) қоғамды қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз еркімен қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) қоғамның құнды қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;

6) қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;

8) Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамын және өкілеттілік мерзімін белгілеу, олардың мүшелерін сайлау және олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын белгілеу;

9) есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттілік мерзімін белгілеу, олардың мүшелерін сайлау және өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

10) Қоғамға аудит жасайтын аудиторлық үйымды белгілеу;

11) Қоғамның жылдық қаржылық есебін бекіту;

12) есептік қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивиденд төлеу жөнінде шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шағып төленетін дивиденд мөлшерін бекіту;

13) КР қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайлар туындаған кезде Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлемеу туралы шешім қабылдау;

14) қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

15) Қоғамның жиыны оған тиесілі бүкіл активтердің жиырма бес және одан да көп пайзын құрайтын активтерінің бір бөлігін не бірнеше бөлігін беру арқылы басқа занды тұлғалар құруы немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де занды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы жөнінде шешім қабылдау;

16) Қоғамның Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру жөнінде акционерлерді хабарлау ету түрін белгілеу және әлгіндей бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау туралы шешім қабылдау;

17) қоғам акцияларды акционерлік қоғамдар туралы Заңдарға сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);

18) Акционерлердің жалпы жиналысының құн тәртібін бекіту;

19) Қоғамның қызметі жөнінде акционерлерге ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде, бұқаралық ақпарат құралын анықтау;

20) «алтын акцияны» енгізу және жою;

21) КР қолданыстағы заңнамасы бойынша қабылдануы Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне енгізілген басқа да мәселелер.

22) кез келген сұрақтар, қайсысыларын қоғам акционерлердің жалпы жиналысы өзінің қарастыруына алатын, қоғамның басқа мүшелерінің құзыретіне жатқызылғанына қарамастан.

Осы тармақтың 2, 3, 4 және 17 тармақшаларында айтылған мәселелер бойынша шешім Қоғамның дауысқа ие акцияларының жалпы санының білікті көпшілігінің дауыс беруі бойынша қабылданады. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне кіргізілген қалған мәселелер бойынша шешімдер Қоғамның дауыс беруге қатысқан дауысқа ие акцияларының жалпы санына шаққанда жай көпшілік дауыс беру арқылы қабылданады.

6.3. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне берілген мәселелер егер қолданыстағы заңнамада өзгедей жәйт көзделмеген болса, Қоғамның басқа органдарының, лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің шешіміне берілмейді.

6.4. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғам қызметінің кез келген мәселесін өзінің қарап шығуына қабылдауга құқылы. Тиісті мәселелер бойынша шешім қабылданғаннан кейін олар Қоғамның бүкіл ішкі органдары мен қызметкерлері үшін міндепті болып саналады.

6.5. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдары қабылдаған кез келген шешімнің күшін жоюға құқылы.

6.6. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуге тиіс. Есепті кезең ішінде қоғамның аудитін аяқтау мүмкін болмаган жағдайда аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады.

6.7. Жылдық жиналыстан басқа барлық жиналыс кезектен тыс жиналыс деп саналады. Кезектен тыс жиналыстар Директорлар кеңесінің, Қоғамның ірі акционерлерінің бастамасымен, сондай-ақ егер Қоғам органдары ірі акционердің Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы талабын орындаған болса ірі акционердің қуынуы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылады.

Ірі акционердің кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы талабы Директорлар кеңесіне Қоғамның Атқарушы органды тұрған орынға ішінде әлгіндей жиналыстың болжамды күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабарлама жолдау арқылды беріледі. Директорлар кеңесі әлгіндей талап алынғаннан кейін он күн ішінде шешім қабылдаپ, әлгі талап иесіне Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру жөнінде хабарлама жолдауға міндепті. Қойылған талапқа сәйкес кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысы шақырылған жағдайда Директорлар кеңесі жалпы жиналыстың күн тәртібін өз ықтиярынша кез келген мәселемен толықтыруға құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысын әзірлеу және жүргізу Қоғамның бас Директоры немесе Директорлар кеңесімен жүзеге асырылады.

6.8. Акционерлерге жалпы жиналыстың өткізілуі туралы хабар беру ол өткізілетін күнге дейін 30 (отыз) күннен кешіктірмей, ал сырттай не аралас дауыс берген жағдайда 45 (қырық бес) күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен анықталған басылым бетінде хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

6.9. Қоғам акционерлеріне Акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс беру қорытындысы Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен анықталған баспасөз органында Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін 10 күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланым беру.

6.10. Қоғамда бір ғана акционер болған жағдайда Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне кіретін мәселелер бойынша, сондай-ақ дара акционер өз ықтиярымен қабылдаған мәселелер бойынша бүкіл шешімдер Қоғамның органдары мен қызметкерлеріне орындауға міндепті болып саналатын «Дара акционердің шешімімен» ресімделеді.

6.11. Қоғамның Директорлар кеңесі осы Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне енгізілген мәселелерді шешуден басқа істе Қоғамның қызметіне жалпы басшылық жасайды. Директорлар кеңесінің мүшелерін Акционерлердің жалпы жиналысы акционерлер қатарынан немесе Қоғам акционері емес басқа адамдар қатарынан заңнамаға сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс. Қоғамның директорлар кеңесі құрамының кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

6.12. Директорлар кеңесінің тәрағасы оның мүшелері қатарынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауыс беруі арқылы ашық дауыс беру жолымен сыйланады.

Директорлар кеңесі кез -келген уақытта Төрағаны қайта сайлауға құқылы. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның мәжілістерін жүргізіп отырады, сондай-ақ осы заңнамада және Жарғыда белгіленген өзге атқарымдарды атқарады. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмай қалғанда оның атқарымын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің біреуі атқарады.

#### **6.13. Қоғам Директорлар кеңесінің айрықша құзыреті:**

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу;

2) жылдық және кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналышын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның таратылған акцияларды және ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда басқа бағалы қағаздарды сатып алу, оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

6) Қоғамның облигацияларын және туындама құнды қағаздарын шығару шарттарын белгілеу;

7) Қоғам Директорын сайлау, Қоғам Директорын өкілеттілік мерзімін белгілеу, сондай-ақ оның өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату;

8) Қоғам Директорын лауазымдық айлығының мөлшерін және оған төленетін еңбекақы мен сыйлық ақша шарттарын белгілеу;

9) ішкі аудит қызметін болған жағдайда ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін белгілеу, ішкі аудит қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйлық ақша беру шарттары мен мөлшерін белгілеу;

10) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

11) аудиторлық үйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

12) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Қоғам Директорымен Қоғам қызметін үйымдастыру мақсатында қабылдайтын және бекітетін құжаттардан басқа) оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның құнды қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

13) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін күру және жабу туралы шешім қабылдау, олар жөніндегі ережелерді бекіту;

14) Қоғамның басқа занды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешімдерін қабылдау, сондай-ақ олардың қызметі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

15) Қоғамның пайда болуы, өзгеруі немесе міндеттемелерінің өсуі бойынша шешімдер қабылдау;

16) Қоғам не оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық не өзге де заңмен қоргалатын қупия құрайтын ақпаратты белгілеу;

17) ірі келісімдер және келісімдер, қайсысылардың жасалуына Қоғамның мүдделігі бар туралы шешім қабылдау;

18) Қоғамның жылдық бюджетін бекіту;

19) Қоғамның жылдық бюджетіне енгізілмеген кез-келген шығындарды бекіту;

20) нәтижесінде, бағасы 100 000 000 (жуз миллион) теңгеден асатын мүлікті, жұмысты, қызметті сатып-алу немесе сату мәмілесін немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығын Қоғаммен жасасу туралы шешімді қабылдау;

21) Қолданыстағы заңнамада көзделген, Акционерлердің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне кірмейтін өзге де мәселелер.

Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне кіргізілген мәселелер оларды қарап, шешім қабылдау үшін Қоғамның бас директорымен беріле алмайды.

6.14. Директорлар кеңесінің сандық құрамы мен өкілеттілік мерзімін Акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді және ол жаңа Директорлар кеңесі сайланатын Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін сәтте аяқталады. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық не жекелеген мүшелерінің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесінің мүшесінің өкілеттілігін оның өз ынтасымен мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесін жазбаша хабарландыру негізінде жүргізіледі. Директорлар кеңесінің әлгіндей мүшесінің өкілеттілігі аталған хабарландыруды Директорлар кеңесі алған сәттен тоқтатылады. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Акционерлердің жалпы жиналысында уәкілдік еткен дауыс беруші акциялардың жалпы санына шаққандағы жай көпшілік дауыс беру арқылы жүргізіледі, бұл орайда әлгі Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттілігі тұтас алғанда Директорлар кеңесі өкілеттілігінің мерзімінің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

6.15. Директорлар кеңесінің мәжілісі оның Төрағасының, Қоғам Директорының бастамасымен немесе Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің талап етуімен, Қоғамға аудит жасаушы аудиторлар ұйымының немесе ірі акционердің талап етуімен шақырыла алады.

Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру жөніндегі талап Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесінің күн тәртібінен тұратын тиісті жазбаша хабарлама жолдау арқылы беріледі.

Директорлар кеңесінің төрағасы мәжіліс шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруға міндетті Қоғамның бас Директорына жүгінуге құқылы.

Директорлар кеңесінің мәжілісі Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Қоғамның бас Директоры тараптынан шақыру туралы талап түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей шақырылуы тиіс.

Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру жөніндегі жазбаша хабарлама, мәжілістің күн тәртібі, Директорлар кеңесінің және "алтын акция" иесіне мүшелеріне мәжіліс өтетін күнге дейін үш күннен кешіктірмей жолдануы керек.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны туралы мәліметтер, сондай-ақ оның күн тәртібі болуға тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы Қоғам Директорына Директорлар Кеңесінің отырысы күнінен бір күн кешіктірмей жазбаша түрде алдын ала хабарлауға міндетті.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін директорлар кеңесі айқындауды, ал «алтын акция» иесіне хабарлама жіберу тәртібі қоғамның жарғысында айқындалады.

6.16. Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу үшін Директорлар кеңесі мүшелерінің қатарынан кемі жартысы қатысып отыруы тиіс.

Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны жарғыда белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін директорлар кеңесі акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің мундай кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

Директорлар кеңесінің әр мүшесі бір дауыска ие болады. Директорлар кеңесінің шешімдері мәжіліске қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауыс беруі арқылы қабылданады. Дауыстардың саны тең болған кезде директорлар кеңесі төрағасының немесе директорлар кеңесінің мәжілісіне төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы барлық қатысушыларға қолайлы және жіберілетін әрі қабылданатын хабарлардың анықтығын қамтамасыз ететін телефон не бейне байланысты пайдалану арқылы өткізілуі мүмкін.

Директорлар кеңесі өз мәжілісіне қарауға шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауға құқылы. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге және оған директорлар кеңесінің хатшысы мен төрағасының қолы қойылуға тиіс. Күндізгі өткізілген мәжілістерде қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері хаттамамен ресімделіп, мәжіліс өткен күннен 3 күн ішінде оған мәжілісте төрағалық еткен адам және Директорлар кеңесінің Хатшысы жасап, қол қоюы тиіс.

Директорлар кеңесі мәжілістерінің хаттамалары мен сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері Қоғамның мұрағатында сақталады.

Директорлар кеңесінің Хатшысы Директорлар кеңесінің мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысып шығуға және (немесе) оған Қоғам Директорлар кеңесінің Төрағасының қолымен және Қоғам мерінің таңбасымен расталған хаттама және шешім көшірмелерін беруге міндетті.

6.17. Қоғамның дара атқарушы органды Директорлар кеңесімен сайланатын бас Директоры бол болып табылады. Қоғамның бас директоры Қоғамның қызметіне күнделікті басшылық жасайды және оның қызметіне байланысты, Акционерлердің жалпы жиналышы мен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне кірмейтін бүкіл мәселені шешеді. Директор Акционерлердің жалпы жиналышының және Директорлар кеңесінің алдында есеп береді. Қоғамның бас директоры өз басшылығымен іске асырылатын Қоғамның бүкіл қызметі үшін толықтай материалдық және Занда көзделген өзге түргыда жауап береді.

6.18. Қоғамның Атқарушы органының атқарымдары, құқығы мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, осы Жарғымен, Директорлар кеңесінің Төрағасы бекіткен лауазымдық нұсқаулармен, сондай-ак Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Директорлар кеңесі нұсқаған адам Қоғам атынан Директорымен арада жасасқан жеке еңбек шартымен белгіленеді.

6.19. Қоғамның бас директоры, әр нақты мәселе үшін Директорлар кеңесінің бір мүшесінен сәйкесінше келісім алу шартымен:

1) Қоғам жұмысына жедел басшылықты жүзеге асырады, жалпы жиналыш акционерлері және Кеңес директорларының шешімін орындауды үйімдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қатынастарда қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) сенімхат береді, соның ішінде Қоғамның үшінші жақтармен арадағы қатынастарында қолдан қолға табыстау құқығымен;

4) Акционерлердің жалпы жиналышында және Директорлар кеңесінде қарau үшін қажет материалдар мен ұсыныс-пікірлерді әзірлейді және әлгі органдар қабылдаған шешімдерді орындау ісін қамтамасыз етеді; лауазымдық және Қоғамның қызметкерлерінің құзыретін белгілейтін өзге де нұсқауларды бекітеді және қол қояды;

5) бұйрықтар шығарады;

6) Қоғамның қызметкерлерін қабылдау, ауыстыру және қызметтен босату ісімен айналысады, оларға көтермелей шараларын алып, тәртіптік жаза қолданады, еңбекке ақы төлеу жүйесін белгілейді, қоғамның штат кестесіне сәйкес лауазымдық айлықтардың мөлшерін белгілейді, қызметкерлерге сыйлық ақша беру және басқа да табыс және женилдіктер көлемін анықтайды;

7) банктерде және басқа да кредит үйімдарында Қоғамның есепшоттарын ашады; материалдық және ақша қаражатын төлеу және алу үшін, соның ішінде банктер мен басқа да үйімдар арқылы, қаржылық және бухгалтерлік, өзге де құжаттарға қол қояды;

8) Қоғамның бөлімшелерінің құрылымын, штаттарын белгілейді және бекітеді, кадр іріктеу, орналастыру және даярлау мәселелерін шешеді;

9) жеке және ұжымдық еңбек шарттарын жасасады;

10) Қоғамның қызметін реттейтін құжаттарды, соның ішінде Ішкі еңбек тәртіп ережелерін, Қоғамның Құрылымдық бөлімшелері туралы ережені және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарын бекітеді;

11) өзі болмай қалған жағдайда өз міндеттерін тиісті бұйрық шығару арқылы Қоғамның бір қызметкеріне жүктейді;

12) Акционерлердің жалпы жиналышының және Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленген басқа да атқарымдар атқарады.

6.20. Қажеттілігіне қарай Қоғам Директоры Қоғам Директор орынбасаларын сайлай алады.

6.21. Қоғамның Директор орынбасалары Қоғам Директорының тапсыруымен Қоғамның жекелеген қызмет түрлеріне басшылық жасайды. Қоғам Директор орынбасалары өкілеттілік аясы тиісті Ережелермен, лауазымдық нұсқаулармен және /немесе Қоғам Директорының

бұйрықтарымен не болмаса Директорымен берілетін әлгі лауазымды адамдардың құқығы мен міндеттерін белгілейтін сенімхаттармен белгіленеді.

6.22. Қогамның бас директорымен немесе Қогамның бас директорының орынбасарларымен кол қойылатын немесе қабылданатын кез-келген құжатта (соның ішінде келісім-шарттар, бүйрықтар, сенімхаттар, төлем құжаттары және өзгелер) Директорлар кеңесінің бір мүшесінің қолы қойылу керек. Мұндай қолдың қойылуы, бұл құжат және бұл құжатта көзделген сәйкесінше іс әрекет (міндеттеме, нәтиже) Директорлар кеңесінің бір мүшесімен келілгенін көздейді.

6.23. Атқарушы органның басшысы немесе қогамның атқарушы органының функциясын жеке дара жүзеге асыратын адам атқарушы орган басшысының немесе басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функциясын жеке дара жүзеге асыратын адамның лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

## 7. ТАЗА ТАБЫСТЫ БӨЛУ ТӘРТІБІ. ҚОҒАМ АКЦИЯЛАРЫ БОЙЫНША ТӨЛЕНЕТИН ДИВИДЕНДТЕР

7.1. Қолданыстағы заннамаға сәйкес бюджетке салық және міндетті төлем төлегеннен қалған Қогамның таза табысын бөлу тәртібін Қогамның Акционерлерінің жалпы жиналысы бекітеді.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен Қогамның жалпы мұқтажына қажет бағытқа бөлінгеннен қалған таза табыс акционерлердің арасында дивиденд түрінде бөлінеді.

7.2. Қогамның акциялары бойынша дивидендтер дивиденд төлеу жөніндегі шешім Акционерлердің жалпы жиналысында артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтерден басқа Қогамның дауысқа ие акцияларының жай көпшілік дауыс беру арқылы қабылданғандай шартпен есептік жыл қорытындысы бойынша ақшалай немесе Қогамның құнды қағаздарымен төленеді.

Қогамның артықшылықты акциялары бойынша бағалы қағаздармен дивидендтер төлеуге жол берілмейді.

Қогам акциялары бойынша дивиденттерді оның құнды қағаздармен төлеуге әлгіндей төлем акционерлердің жазбаша келісімі болған жағдайда Қогамның жарияланған акциялары арқылы жүргізіледі.

Дивиденд алуға құқылы акционерлердің тізімі дивиденд төлеу басталған күннің алдындағы күні жасалуы тиіс.

Төленбекен дивидендтері бар акцияларды иеліктен алу, егер акцияларды иеліктен алу туралы шартта өзгеше көзделмесе, акцияның жаңа иесінің оларды алу құқығымен жүзеге асырылады.

Дивидендтер Қогамның өзі таратпаған не сатып алмаған акциялары бойынша есептелмейді және төленбейді.

Акция бойынша дивиденд төлеу Қогам Директоры шешімімен төлем агенті арқылы жүргізіле алады.

Оз капитальның көлемі жетпей қалған жағдайда немесе Қогамның дербес капиталының көлемі акциялар бойынша дивиденд есептеу салдарынан теріс болып қалған жағдайда, немесе Қогам Қазақстан Республикасының банкрот туралы заңнамасына сәйкес төлемеге қабілетсіз және дәрменсіз белгілеріне жауап беретін болса немесе аталған белгілер Қогамда оның акциялары бойынша дивиденд есептеу салдарынан пайда болса, сондай-ақ сот не Акционерлердің жалпы жиналысы тарапынан оны тарату жөнінде шешім қабылданса жай және артықшылықты акциялар бойынша дивиденд есептеуге болмайды.

7.3. Дивиденд төлеу туралы шешімді, жыл қорытындысы бойынша бір жай акцияга шаққанда төленетін дивиденд мөлшерін және төлем мерзімін жылдық Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды. Қогамның жай акциялар бойынша, үш ай немесе жарты жылдық қорытындысы бойынша дивидендтерді төлеу, тек ғана қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша жүзеге асырылады. Жалпы жиналыстың, жай акциялар бойынша, үш ай немесе жарты жылдық қорытындысы бойынша дивидендтерді төлеу шешімінде, бір жай акцияга дивидендтің көлемі көрсетіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысы Қогамның жай акциялары бойынша дивиденд төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

## **8. ҚОҒАМДАҒЫ ЕСЕП ЖӘНЕ ЕСЕПТҮЛІК**

8.1. Қоғамның Директоры Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есебін жүргізеді және қаржылық есептілігін жасайды және оларды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдамасымен орнатылған тәртібінде жауапты болады.

8.2. Атқарушы орган жыл сайын акционерлердің жалпы жиналышына талқылау және бекіту үшін аудиті Казақстан Республикасының аудиторлық қызмет жөніндегі заңдарына сәйкес жасалған еткен жылғы жылдық қаржылық есептілікті табыс етеді. Атқарушы орган қаржылық есептіліктен басқа жалпы жиналышқа аудиторлық есепті табыс етеді..

Қоғамның жылдық қаржы есептілігі Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін отыз күннен кешіктірмей Қоғамның Директорлар кеңесінің тарапынан алда бекітілуі тиіс.

Қоғамның жылдық қаржы есептілігін түпкілікті бекіту ісі қаржылық есептілікке аудит жасалып, аудиторлық үйім (аудитор) есебі берілгеннен кейін жылдық Акционерлердің жалпы жинальсызында жүргізіледі.

Қоғам жыл сайын бұқаралық акпарат құралдарында уәкілетті орган белгілеген мерзімде бухгалтерлік тенгерімді, капиталдағы барлық өзгерістерді көрсететін есепті, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті және кірістер мен шығыстар туралы есепті жариялады. Қоғам өзге қаржылық есептілікті косымша жариялауда күштеседі.

8.3. Қоғам жылдық қаржы есептілігін Акционерлердің жылдық жалпы жиналышы бекіткеннен кейін заңнамамен белгіленген нысандада және мерзімде жариялады.

## **9. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТИН АУДИТОРЛЫҚ ТЕКСЕРУ**

9.1. Бухгалтерлік есеп пен есептілікті аудиторлық тексеру, Қоғамның бастанқы құжаттары мен оның қызметі туралы өзге ақпаратты тексеру ісін аудит жүргізуге аудиторлық қызмет туралы заңнамаға сәйкес өкілетті және Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес келетін аудиторлық үйім (аудитор) жүргізе алды.

9.2. Қоғам жылдық қаржы есептілігіне аудитті КР заннамасына сойкес ұйырғауға мүмкітті.

9.3. Қоғамға аудит Директорлар кенесінің, Директордың бастамасымен Қоғам есебінен немесе ірі акционердің талап етуі бойынша оның өз есебінен жүргізіле алады.

9.4. Егер Қоғам Директоры Қоғам қызметіне аудит жүргізуден жалтаратын болса, онда аудит кез -келген мүдделі адамның қуынну бойынша сот шешімімен тағайындала алады.

9.5. Аудиторлық үйим (аудитор) тексеру нәтижелері мен өз қорытындыларын Акционерлердің жалпы жиналышына, Директорлар кеңесіне және Қоғамның Директорына ұсынатын есепте баяндайтын.

## **10. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯ ЕТУ ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ҰСЫНУ ТАРТІБІ**

10.1. Қоғам акционердің жазбаша сауал салуы бойынша 30 күн мерзім ішінде өз акционерлерінің қарыншасынан Қоғам акционерлерінің мүддесіне қатысты өз қызметі жайлы ақпаратты жеткізу қаралудың түрлерінде береді.

10.2. Қоғам және оның акционерлері өз акпаратын және Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес міндетті түрде жарияланатын акпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық акпарат құралы – «Экспресс-К» республикалық қоғамдық-саиси газетасы болып табылады.

10.3. Акционердің талап етуімен Қоғам акционерге Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген құжаттардың көшірмелерін беруге міндетті. Қоғам Жарғысының көшірмесі акционерге оның талап етуі бойынша уш жұмыс күні ішінде беріледі. Акционерлерге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгіленетін, Қоғамның қызметтік, коммерциялық не өзге заңмен қорғалатын құпиясын құрайтын құжаттардың көшірмелері берілмейді.

Құпия сипатқа ие және қызметті, коммерциялық не өзге заңмен қорғалатын құпия құрайтын ақпаратты беруге шектеу салуды Қоғамның Директорлар кенесі белгілейді.

10.4. Құжат көшірмесін бергені үшін алынатын ақының мөлшерін Қоғам белгілейді және ол құжат көшірмесін әзірлеуге шыққан шығыстың құнынан және құжаттарды акционерлерге жеткізуге байланысты шыққан шығыс төлемінен аспауы тиіс.

10.5. Қоғам үlestес тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе қоғамның тіркеушісі беретін мәліметтер негізінде (үекілетті орган белгілеген тәртіппен ірі акционер болып табылатын тұлғаларға қатысты ғана) жүргізуге міндettі.

10.6. Қоғамның үlestес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар, акционерлер және лауазымдар қосылу туындаған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің үlestес тұлғалары туралы мәліметті қоғамға табыс етуге міндettі. Мәліметтер қоғамның атқарушы органдының мекенжайына жазбаша түрде жіберіледі. Осы ескертпеде үlestес тұлғалары туралы толық мәліметтер (толық атауы, мекен жайы, банктік және салық реквизиттері) болу керек.

10.7. Қоғам өзінің үlestес тұлғаларының тізімін үекілетті органға ол белгілеген тәртіппен ұсынуға міндettі.

## 11. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТИНІҢ ТОҚТАЛУЫ (ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ)

11.1. Қоғамның қызметін тоқтату оны қайта құру не тарату арқылы жүргізіледі. Егер қоғам қайта ұйымдастырылған жағдайда өз қызметін тоқтатса, оның акциялары шығарылымының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қүші жойылуға тиіс.

11.2. Қоғамды қайта құрган не таратқан жағдайда жұмыстар босатылатын қызметкерлерге олардың құқығы мен мұддесін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтау кепілдігі беріледі.

11.3. Қоғамды қайта құру (қосылу, біріктіру, бөлу, бөлек шығару, қайта жаңару) Акционерлердің жалпы жиналышының шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіpte және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да негіздер бойынша жүргізіледі.

11.4. Қоғам таратылуға жатады:

- Акционерлердің жалпы жиналышының шешімімен;
- сот шешімімен.

11.5. Акционерлердің жалпы жиналышының не соттың Қоғамды тарату туралы шешімімен тарату комиссиясы тағайындалады.

11.6. Тарату комиссиясы Қоғамды тарату кезеңінде оны басқару өкілеттілігіне ие болады және тізбесі Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген әрекеттерді жасау өкілеттілігін иеленеді.

Жиыны дауысқа ие акциялардың он және одан да көп пайзына ие акционерлер (ірі акционерлер) Қоғамның тарату комиссиясында өз өкілін ұстауға құқылы.

11.7. Қоғамды тарату процедурасы мен оның кредиторларының талабын өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

11.8. Кредиторлардың талабын өтеуден соң қалған Қоғамның мүлкін тарату комиссиясы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген кезекпен акционерлердің арасында бөледі.

## 12. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР


12.1. Осы Жарғыда реттелмеген бүкіл мәселе бойынша Қоғам Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін басшылықта алады.

12.2. Осы Жарғы Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіpte мемлекеттік қайта тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

**«КоЖАН» АҚ жалғыз акционері**

«Мәтен Петролеум» АҚ атынан әрекет ететін Серік Ержан



 Серік Ержан

**УСТАВ  
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА  
«КоЖан»**

**ВВЕДЕНИЕ**

Настоящий Устав разработан в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом, Законом Республики Казахстан от 13 мая 2003 года № 415-II «Об акционерных обществах» и иными нормативно-правовыми актами Республики Казахстан.

Настоящий Устав является учредительным документом, определяющим правовой статус Акционерного Общества «КоЖан» (далее - Общество), как юридического лица.

**1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ**

1.1. Общество создано в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

1.2. Срок деятельности Общества не ограничен.

1.3. Полное наименование Общества:

- 1) на государственном языке: «КоЖан» акционерлік қоғамы;
- 2) на русском языке: Акционерное общество «КоЖан»;
- 3) на английском языке: "KoZHaN" Joint-Stock Company.

1.4. Сокращенное наименование Общества:

- 1) на государственном языке: «КоЖан» АҚ;
- 2) на русском языке: АО «КоЖан».
- 3) на английском языке: "KoZHaN" JSC.

1.5. Местонахождение исполнительного органа Общества: Республика Казахстан, 050040, г. Алматы, ул. Пирогова 31, б-этаж.

1.6. Акционерное Общество «КоЖан» является правопреемником Товарищества с ограниченной ответственностью «КоЖан» в соответствии с передаточным актом в части переданного имущества, прав и обязанностей.

**2. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС ОБЩЕСТВА**

2.1. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, принимать на себя и исполнять обязанности, быть истцом, ответчиком или третьим лицом в суде.

2.2. Общество имеет печать, штамп и бланки с указанием своего наименования на казахском и русском языках, свой товарный знак и символику, и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.

2.3. Общество в процессе осуществления своей деятельности руководствуется Конституцией и законодательством Республики Казахстан, а также настоящим Уставом, решениями Общего собрания акционеров, Совета директоров, Генерального директора Общества, принимаемыми в установленном законодательством Республики Казахстан порядке.

2.4. Акционерами Общества могут быть иностранные и казахстанские юридические и физические лица, которые приобретают в установленном законодательством Республики Казахстан порядке акции Общества.

2.5. Общество обладает имуществом, обособленным от имущества своих акционеров и несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества.

